

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»



«Бекітілді»
КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті»
Директорлар кеңесінің шешімімен
№2 хаттама 3 наурыз 2021ж.

**«KORKYT ATA ENDOWMENT» КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫНЫҢ
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызылорда қ-сы, 2021 ж.

1.Жалпы ережелер:

1.Ереже Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы*) мен «Korkyt Ata Endowment» Корпоративтік қорының Жарғысына сәйкес әзірленді және «Korkyt Ata Endowment» Корпоративтік қоры Қамқоршылық кеңесінің(бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы тегін негізде жүргізіледі.

2.Қамқоршылық кеңестің құрамы:

2.1. Қордың тұрақты жұмыс істейтін басқару органы Қамқоршылық Кеңес болып табылады, ол Құрылтайшы 3 жыл мерзімге анықтайтын, құрамды бір мерзімнен асырмай өзгерту құқығымен, кемінде 5 (бес) мүшеден тұрады. Қамқоршылық Кеңес Құрылтайшыға есеп береді.

2.2. Қамқоршылық кеңес Төрағадан, хатшыдан және өзінің мүшелерінен тұрады. Төраға үш жыл мерзімге сайланады және бір мерзімнен аспай қайта сайлана алады. Төраға Қамқоршылық кеңестің отырысын жүргізеді. Қамқоршылық кеңестің отырысына Төраға қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, ол өзінің өкілеттіктерін Қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріне жүктейді. Төраға мен Қамқоршылық кеңес мүшелері міндеттерін орындау мүмкін болмаған жағдайда, мерзімінен бұрын өздерінің өкілеттіктерінен босай алады.

2.3. Қордың Қамқоршылық Кеңесінің кворумы, егер отырысқа кемінде 3 (үш) адам қатысса бар деп есептеледі. Шешім, егер оған Қордың Қамқоршылық Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі жақтап дауыс берсе қабылданды деп саналады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі келесі жағдайларда өздерінің өкілеттіктерінен айырылады:

- Қамқоршылық кеңестің шешімімен айқындалған функционалдық міндеттерді орындамау;
- Қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындамау;
- Қамқоршылық кеңестің отырыстарына дәлелсіз себептермен үш реттен көп қатыспау.

3.Қамқоршылық Кеңестің функциялары:

- өз құрамынан Төраға, хатшы сайлау;
- Қордың қызметі оның жарғылық мақсаттарына сәйкестігіне бақылау жүргізу;
- Қор құрылтайшысының шешімдерін орындауды қамтамасыз ету;
- мақсатты бағдарламаларды бекіту және қаржыландыру көздерін анықтау;
- Қор құрылымын, штаттық қызметкерлер санын, еңбекақы төлеу мен оның қызметкерлерін материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету шарттарын, оны ұстау шығындарын анықтау;
- халықаралық және шетелдік ұйымдармен байланыс орнатып, қолдау туралы шешімдер қабылдау;
- Қордың жыл сайынғы бюджетін бекіту;
- Директорды қызметке (атқарушы органның) тағайындау және босату;
- Қордың ішкі ережелері мен ішкі саясатын бекіту;
- Директор мен ревизордың есептерін қарау;
- Директордың функционалдық міндеттерін орындау жұмысына бақылау жасау;
- Қор жұмысын реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- Қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру және тарату туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
- Құрылтайшының айрықша құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелерді қарау.

3.1.Қамқоршылық Кеңестің отырысы кемінде жылына 1 (бір) рет өткізілуі тиіс. Қамқоршылық Кеңеспен шешім қабылдаудың басқа процедуралары Қордың ішкі ережелерімен анықталады;

3.2.Қамқоршылық Кеңестің Төрағасы Құрылтайшының шешімі негізінде және оны орындау үшін әрекет етеді.

4.Қамқоршылық КеңесТөрағасының функциялары:

- Қордың Қамқоршылық Кеңесін шақыру туралы шешім қабылдайды;
- Қамқоршылық Кеңестің күн тәртібін қалыптастырады;
- Қамқоршылық Кеңестің қарауына оның жұмыс жоспарлары туралы ұсыныстар енгізеді;
- Қамқоршылық кеңестің отырысын жүргізеді;
- отырысты рәсімдеуді қамтамасыз етеді және Қамқоршылықкеңестің орындауға арналған шешімі болып табылатын хаттамасына қол қояды;
- Қордың Қамқоршылық Кеңесін Қордың басшы органдарында және мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдарда білдіреді;
- өзінің бақылаушылық функцияларына жататын Қамқоршылық Кеңестің ұсынымдарын жүзеге асыруға бақылау жасайды;

- Қамқоршылық кеңес отырыстарын шақыру және өткізу тәртібінің осы Жарғымен және Қамқоршылық Кеңес туралы Ережемен реттелмеген мәселелерін айқындайды;

- Қамқоршылық кеңеспен өзіне жүктелмеген басқа да функцияларды орындайды.

5. Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізу

5.1. Кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қолдарын қояды.

5.2. Құжаттамалар Кеңес төрағасында 1 жыл сақталады.

6. Қамқоршылық кеңестің қызметін тоқтату

6.1. Кеңестің жұмысын тоқтату:

- Құрылтайшының бастамасымен;

- Қамқоршылық кеңестің бастамасымен жүргізіледі.